

Молдабекова А.Ш.

**БЮДЖЕТТЕН ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖӘНЕ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ
САЛАСЫНА БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫЛАРДЫҢ ЖҰМСАЛЫНУ ЖОЛДАРЫ**

Молдабекова А.Ш.

**СРЕДСТВА, ВЫДЕЛЕННЫЕ ИЗ БЮДЖЕТА НА СФЕРУ СОЦИАЛЬНОЙ
ПОМОЩИ И ПУТИ ЕЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ**

A.Sh. Moldabekova

**FUNDS ALLOCATED FROM THE BUDGET FOR SOCIAL ASSISTANCE AND
WAYS TO ENSURE**

Қазақстан Республикасында экономикалық реформалар басынан бастап әлеуметтік бағдардағы реттелетін Ұлттық нарық жүйесін құруға бағытталған. Экономика дамуының әлеуметтік бағыттылығының бір көрінісі болып елдің қаржы ресурстарын орталықтандыру мен қайта бөлісі табылады. Осының салдарынан мемлекет, әр түрлі механизмдерді пайдалана отырып, нақты мұқтажды азаматтарға жәрдемақы төлеу арқылы адрестік әлеуметтік көмек көрсетеді.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының мазмұнын оның әлеуметтік көмек көрсету мен әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі барлық іс-әрекет қосындысы қалыптастырылады. Әлеуметтік саясаттың маңызы мемлекеттің нақты әлеуметтік функцияларын іске асыруда көріністі болады.

Әлеуметтік экономиканы мемлекеттің барлық экономикасының дамуынан бөлек қарастыруға мүмкін емес, себебі әлеуметтік саланың іс-әрекетте болуының басты шарты-ол бұл саланы қаржылық қамтамасыз ету. Әлеуметтік саланы қаржыландыруды нарықтық экономикадағы мемлекеттің рөлі жөніндегі мәселелермен бірге қарастыру қажет, себебі экономикалық реформаларда мемлекет пен нарықтың әсер салаларын шектеудің өте маңызды мәні бар. Мемлекеттік араласу ауқымдары нақты елге тән ерекшеліктер, дәстүрлер және әлем экономикасының бүгінгі дамуымен анықталады.

Шаруашылықты жүргізудің нарықтық механизмінің объективтік кемшіліктерін жену үшін қажетті экономиканы мемлекеттік реттеу формалары мен мемлекеттің араласу ауқымдары түрлі болуы мүмкін.

Біріншіден, ол мемлекеттік реттеудің тек қорғау функциясын атқару ретінде болатын, ал қайта бөлу іс-әрекеті жалпы минималды шығындарды қаржыландырумен шектелетін мемлекеттің араласуының минималды формасы. Мұндай әдістеме мемлекеттік қаржылық реттеудің механизмдерін пайдаланудың шекарасын шектейді, сондықтан әлеуметтік саланың көптеген мәселелері мемлекет көмегімен шешілуі мүмкін емес.

Екіншіден, ол мемлекеттік реттеудің нарықтық механизмге кірісуі, демек, соған бағынатын мемлекеттің араласуының тікелей емес формасы. Бұл арада мемлекеттің белгілі және күмән емес функцияларын бөліп айтуға болады, олар құқықтық базаны қамтамасыз ету, бәсекелестікті қорғау, кірістерді қайта бөлу, ресурстарды бөлуді корректілеу, экономиканы тұрақтану мен экономикалық өсуді ынталандыру. Демек, мемлекет өзіне экономикалық және әлеуметтік салалар арасындағы қарама-қарсылықты реттеу міндеемелерін жүктеген. Біздің республикада экономиканы мемлекеттік реттеудің осы формасы іске асырылуда.

Үшіншіден, ол мемлекеттік реттеудің нарықты өзіне бағындырған, орталықтандырылған жоспарлау арқылы экономикаға шексіз әсерін тигізетін мемлекеттің араласуының тікелей формасы.

Мемлекеттік араласуының барлық формалары басқа іс-әрекет түрлерімен қоса бөліп және қайта бөліп тұратын іс-әрекет түрі арқылы іске асырылады. Ал бұл іс-әрекет көбінесе мемлекеттік бюджет арқылы көріністе болғандықтан мемлекеттің әлеуметтік саясаты іске асыру негізі бюджет болады. Сондықтан, мемлекеттің өз әлеуметтік функцияларын қамтамасыз ету шығындары республикалық және жергілікті бюджет құралдары арқылы әрекеттенеді.

Демек, халыққа көрсететін әлеуметтік қызметтер деңгейі бюджеттің қалыптасуы мен атқаруына байланысты, ал өз алдына әлеуметтік салаға жұмсалатын бюджеттік құралдар деңгейі, олардың алға қойылған мақсаттарды тиімді атқару қабілеттілігі маңыздылық шамада мемлекеттің бюджеттік саясатының жапы принциптеріне әсерлі.

Қазақстан Республикасында қазіргі шарттарға сәйкес әлеуметтік саланың әр түрлі институттары жұмыс атқаруда. Олардың барлығы халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін жүйені құрады. Бұл институттар өз іс-әрекеттерінде мүгедектерге, кәрілігі жеткендерге, көп балалы және толық емес жанұяларға, сондай-ақ басқа да мұқтаж азаматтар категорияларына әр түрлі

әлеуметтік қызмет көрсетеді. Бұлардың іс-әрекеттері тиісті заңнамалық және нормативтік актілер ережелеріне негізделеді. Бюджеттен

әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласына бөлінетін қаржылады келесі кестеде 1- кестеде қарастырамыз.

1- кесте

Тараз қаласы Әкімдігінің қаржы бөлімінен әлеуметтік көмек және қамсыздандыру саласына жұмсалған қаржылар

р/с	Көрсеткіштер	2006 ж			2007 ж			Ауытқуы (+;-)	
		нақты-ланған бюджет сомасы	іс жүзінде орындалуы сомасы	Ауытқуы (+;-)	нақты-ланған бюджет сомасы	іс жүзінде орындалуы сомасы	Ауытқуы (+;-)	нақты-ланған бюджет сомасы	іс жүзінде орындалуы сомасы
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8
	Шығыстар	7609469	7507364	-102105	9539069	9478861	-60208	1929600	1971497
1	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	680456	647558	-32898	813720	813655,5	-645	133264	166097,5
1.1	Әлеуметтік көмек	592675	563296	-29379	720945	720934,3	-10,7	128270	157638,3
1.2	Әлеуметтік қамсыздандыру	84181	84262	81	92775	92721,2	-53,8	8594	8459,2

Есептелген мәліметтер бойынша бойынша 2006-2007 жылдар аралығында әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласына бөлінген қаржы 8,6 пайызды құраған, оның ішінде әлеуметтік көмек саласы 7,5 пайызды, әлеуметтік қамсыздандыру 1,1 пайызды құраған. Осыларға сүйене отырып әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыру саласына бөлінген қаржыны келесі 2- кестеде қарастырамыз.

2-кесте

Тараз қаласы Әкімдігінің қаржы бөлімінің бюджет шығысынан әлеуметтік көмек және қамсыздандыру саласына бөлінген қаржылар

МҢ.ТГ)

Көрсеткіштер	2006 ж			2007 ж			Нақты-ланған бюджет сомасы
	Болжам	Нақты түсім	Ауытқуы (+;-)	Болжам	Нақты түсім	Ауытқуы (+;-)	
Шығыстар	7609469	7507364	-102105	9539069	9478861	-60208	1971497
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	680456	647558	-32898	813720	813655,5	-645	166097,5
Оның ішінде: - әлеуметтік көмекке	592675	563296	-29379	720945	720934,3	-10,7	157638,3
Жергілікті деңгейде интернаттық тұрпатты мекемелер арқылы көрсетілетін әлеуметтік көмек	198387	184625	-13762	254627	246784	-7843	62159
Мүгедек балаларды оңайту және бейімдеу орталығы	93468	90322	-3146	113461	107682	-5779	17360
Мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығы	87723	85671	-2052	88211	87263	-948	1592

Балалар үйіне берілетін көмек қаржылар	89674	84623	-5051	89967	87265	-2702	2642
Қарттар үйіне берілетін көмек қаржылар	123423	118055	-5368	174679	191940,3	17261,3	73885,3

Берілген мәліметтер бойынша 2006 жылы шығыстар 102105 мың теңгеге азаюына байланысты, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру 29379 мың теңгеге азайған, оның ішінде әлеуметтік көмек саласына бөлінетін қаржыда азайған.

Ал 2007 жылы шығыстар 60208 мың теңгеге азаюына байланысты, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласына бөлінген қаржы 645 мың теңгеге азайған., осылардың нәтижесінде әлеуметтік көмек саласына өлінген қаржы 10,7 мың теңгеге азайған

Әлеуметтік проблемадағы тағы бір шешім табатын мәсле-ол шалғай аудандарда, шөл және шөлейт жерлерде, Арал, Семей полигоны сияқты экологиялық апат аймағында тұратын халықтың тұрмысын көтеру.

Сондықтан осы маңызды әлеуметтік мәселені қолға алмай, оны тиісті дәрежеде шешпей Қазақстанның экономикасы жөнінде айту қиын.

Нарықтық экономика жағдайында әлеуметтік саланы одан әрі жаңартудың барынша басым бағыттарының қатарына мыналар жатады.

- Халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарына қолдау көрсету;
- Әлеуметтік қолдау көрсету жүйесінің нарықтық экономика талаптарына сай қайта бағдарлануы;
- Тұрғын үй құрылысы және жылжымайтын мүлік рыногын дамыту мәселелері;
- Денсаулық сақтау саласын ұйымдастыруда осы заманғы қағидаттар мен стандарттарға көшу;
- Халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің халықаралық стандарттарын енгізу;
- Еңбек ресурстарын дамытудың тиімді жүйесін құру;
- Нақты іс жүзіне асыру.

ҚР Әлеуметтік-экономикалық саясаттың бес басты бағыттарын мыналар:

- әлеуметтік ахуалды жақсарту және
- әсіпкерлік қызметті одан әрі дамыту;
- басқарудың тиімділігін арттыу;
- өндіріс секторына несие беру;
- аймақтық диспропорцияларды жою.

Президент әлеуметтік ахуалды жақсарту-ең маңызды мәселе деп атап көрсетті. Үкімет қазіргі кезде жұмыссыздықпен және кедейлікпен күрес туралы бағдарламаны дайындауда. Жұмыспен қамту мәселесін шешуде шағын кәсіпкерлікке маңызды рөл берілді. Президент Үкіметке

халқымыздың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастыра беруді тапсырды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жолдауында өмір саласын жақсарту және әлеуметтік қорғау мәселесінде азаматтардың өмір сапасы мен деңгейін жақсарту, тұрақтылық пен қорғауды нығайту жолдары қарастырылған. Ел халқы санының 2020 жылы 10 пайызға өсуі үшін мемлекет барлық қажетті жағдайларды жасайтынын атап көрсетті.

Біздің мемлекеттік әлеуметтік саясатымыздағы басты басымдық халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады.

2020 жылға қарай жұмыссыздық деңгейі 5 пайыздан, ал ал табыстары күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 8 пайыздан аспайтындығын атап көрсетті.

Әлеуметтік қызметтер тек мұқтаж адамдарға көрсетіліп, қазіргі заманғы стандарттар мен Қазақстандағы өмір деңгейіне сәйкес болуы керек.

2015 жылға қарай базалық зейнетақы төлемдері ең төменгі күнкөріс деңгейі көлемінің 60 пайызы деңгейіне дейін өсіріліп, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері 2010 жылмен салыстырғанда 1,2 есе артылуы тиіс.

Бюджет саласынан бөлінетін зейнетақылар, шәкірақылар және бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақылары 20 пайызға өсірілді. Әлеуметтік жәрдемақылар орта есеппен 9 пайызға артуы қарастырылып отыр.

Біз оқып жатқандардың шәкіртақысын ұлғайттық, оларға білім алу гранттары мен несиелерін бердік. Бюджет саласының қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілердің жалақысын дәйектілікпен өсіріп келеміз. Аз қамтылған отбасыларына 18 жасқа дейінгі балалары үшін ай сайынғы жәрдемақы, сондай-ақ көп балалы аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеудеміз. Балалар мен жасөспірімдердің белгілі бір санаттарын тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесі шешілуде.

Медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту және денсаулық сақтаудың жоғары технологиялық жүйесін дамыту. Денсаулық сақтау саласындағы басқару, қаржыландыру, үйлестіру мен бақылау тетіктерін қайта саралау арқылы медициналық қызметтің нәтижелілігі мен сапасын арттыруға жету керек. Сонымен қатар медицина мекемелерінің қоғам алдындағы ашық

есептілігі жүйесін де, әрі ішкі бақылау мен сыртқы аудит жүйесін де енгізген жөн.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге тиіс. Неғұрлым өзекті міндеттер мыналар: Біріншіден, зейнетақылық жинақтаулардың сақталуы мен кәрілік жеткен кезде олардың жетерлік мөлшерде болуы жөнінде мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету. Екіншіден, халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен барынша қамту.

Жыл сайын зейнеткерлік жәрдемақылардың мөлшері индекстеліп, арттырылуда. Бұрынғы еңбек өтіліне байланысты зейнетақылық төлемдерді сараланған түрде ұлғайту жүзеге асырылды, бұл бір миллионнан астам адамды қамтыды. Сондай-ақ әлеуетті құрылымдар ардагерлерінің зейнетақылары өсті. Барлық зейнетақылық және әлеуметтік төлемдер елімізде уақтылы – тиісті айында төленіп келеді.

Әлеуметтік мәселелер қай кезеңде болса да күн тәртібінен түскен емес. Мемлекетіміз әлемдегі үздік елу елдің қатарынан көрінуге талпынып отырған шақта біз үшін оның маңызы тіпті артпақ.

Қазақстан қоғамының барлық жіктері мен әлеуметтік топтарының әлеуметтік көңіл-күйін ұдайы жақсарту түсу мемлекет саясатының алдыңғы сапында болып келеді және осылай болып қала береді. Экономиканың тұрақты дамуы бізге қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуды жалғастыруға мүмкіндік береді. Бұл – біздің саясатымыздың әлеуметтік қорытындылары. Елбасымыз Үкіметке халқымыздың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі жұмысты жоғарғы қарқынмен жалғастыра беруді тапсыруда.

Егемендігімізді алғалы яғни соңғы жылдары еліміз әлеуметтік жаңаруға бет бұрды. Көп нәрселерге қол жеткіздік. Біз үшін ең бастысы-маңызды әрі көкейкесті өмірлік қағидаттарын іске асыру үшін қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, отбасын қамсыздандыру, тұрғын үй иелену, денсаулығын нығайту және зейнетақыға жинақтаулар қалыптастыру жөніндегі барлық қажетті жағдайлар туғызу болып табылады.

Осыған байланысты өзіміздің алдыңғы тәжірибемізден және әлемнің басқа елдерінің тәжірибесінен біз екі маңызды қорытынды шығара аламыз.

Біріншіден, мемлекет тарапынан халықты әлеуметтік қолдау ол нысаналы әрі атаулы сипат алған жағдайда ғана нәтижелі болады. Мемлекет қоғамның осындай көмекке шынында зәру мүшелерін қолдауға міндетті және сол жауапкершілікті іс-жүзінде өзіне алып отыр, олар, ең алдымен : балалар, көп балалы аналар, ардагерлер, мүгедектер осы әлсіз топтарды қолдау мен қорғау болып табылады.

Екіншіден, ең пәрменді әлеуметтік саясат өнімді еңбекке ынталандыру және жаңа жұмыс орындарын жасақтау болып келеді, әрі солай болып қала береді. Біз, ең алдымен, қандайда бір себептермен жұмысынан айырылып қалған адамдардың еңбекке оралуына мүмкіндіктер туғызуымыз, олардың жаңа мамандық алуына жағдай жасауымыз керек. Сонымен қатар жастар ортасында жұмысшы мамандықтарының, әсіресе өнеркәсіптегі мамандықтың беделін асырып, кеңінен насихаттауды қайтадан қолға алуымыз керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Жолдауындағы басты мәселе- әлеуметтік салаға қатысты және тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру жолдары болып табылады. Елбасымыз айтып кеткендей ел болашағы білімді ұрпақта, ал экономиканың дамуы білімді ұрпақтың қолында. Экономикамыз жоғарғы деңгейде болса, халықтың әлеуметтік жағдайы оданда аса түспек.

Елімізде атаулы әлеуметтік көмекті беру процесінде ел қазынасынан бөлінер жәрдемақы «нан-сүтке жетеді, басқа еш нәрсе керегі жоқ»,- деп маңдайы терлемейтін жеңіл табысқа иек артатын, тым болмаса балалары үшін жақсы өмір сүруге талпынбайтындар тобы елімізде аз емес. Бұл көмекке арналған қаржы аспаннан түсіп немесе қалталы шетелдік капиталистің қолынан шығып жатқан жоқ, мемлекеттік қазынадан бөлініп жатыр. Ал мемлекет дегеніміз – сіз бен біз. Соңғы деректер бойынша, республика бойынша 117 мың адам соңғы 15 жыл бойы жұмыс істемепті. Бұл проблема бүкіл әлем тап болып отырған, түйінін тарқата алмай отырған тауқымет. Тіпті АҚШ-та бүтіндей төртінші ұрпақ мемлекеттік көмекке иек артып келіпті. Қоғамның бай-кедей болып бөлінуі нарық заңының басты сипаттамасы десек те, «Еңбегіне қарай – жемісі» деген халық даналығының расталып келе жатқанын жоққа шығара алмаймыз

Рецензент: д.э.н., профессор Мусакожоев Ш.М.